

Сәбит Мұқанов



Алтын жұлдыз



Кітаптан соң кітап

Сәбит Мұқанов



Полкъсжды ту



«ЖАЛЫН»  
АЛМАТЫ  
1983

84к837  
М84

#### БАЛАЛАР!

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, академик жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған «Ботагөз», «Менің мектептерім», «Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Сырдария», «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз» сияқты үлкен, кең тынысты кітаптары халқымыздың сүйікті шығармалары болып табылады.

Солардың бірі — «Ботакөз» романында жазушы Қазақстанда Совет өкіметін орнату жылдарындағы оқиғаларды баяндайды.

Бұл кітапшада сол шығармадан шағын үзінді беріліп отыр.





\* \* \*

Талай адамды атып та, талай ауылды, талай орманды күйдіріп те — Асанды таба алмаған Алексей Кулаковтың «дикая дивизиясы» Байтөбет аулында үш күн жатып, төртінші күні Қостанайға беттеп жөнелді. Бірақ ол Байтөбет аулынан әскерін түгел әкеткен жоқ. Атаман Шайтановпен жүз казакты қалдырып: «Тез арада Асанды ұстап, маған алып кел», — деп бұйрық берді, Ботагөзді Кулаков өзімен бірге әкетті.

Аулында жүз казакпен атаман Шайтановқа Байтөбет өзі білетін жасырынған адамдарды түгел айтып, қаннен-қаперсіз боп жүрген олардың біразы ұсталып, атылды. Алды атыла бастаған олардың бірсыпыралары, көрсетуші барын сезіп, қайтадан қашуға кірісті. Шайтановтан сескеніп, олардың жасырынған үйлерінің адамдары да қашты. Сонымен, қашақтың саны көбейіп, аздан кейін бөрінің басы құралып, үлкен жиынға айналды. Асан да соларға қосылды.

— Енді қашуды қояйық, — деп ұйғарысты жиналғандар, — партизан отрядын құрып, Колчакпен соғысайық!

Бұл ұсыныс қабыл алынғаннан кейін, жалпы қарасыны мыңға жақын жиын: бас, орта, кіші командирлер сайлап, жиынды әскер тәртібімен бөлді.

Мұндай құралданған күш жиналып жатқанын естіген ауыл, деревняның ақтардан жапа көрген адамдары жан-жақтан тіленіп келіп, партизан отрядына өздері жазылды.

Партизан отряды көп кешікпей ақтарға шабуыл жасауға кірісті. Бір күні олар Байтөбет аулында жатқан Шайтановқа шабуыл жасап, оны қуып тастады. Үйде қалып жан сақтай алмайтынын білген Байтөбет Шайтановпен бірге кетті.

Бұл кезде ол маңға Колчак әскері көп келген еді. Колчак әскерінің жүріс-тұрысына қарағанда, Қызыл әскердің жақындап қалғандығы ешкім айтпай-ақ мәлім болды. Бір жұма бұрын күнбатысқа қарай ағылған ақтың қалың әскері енді кейін жапырылды. Келешегінен үміт үзгендігі ақтардың кескін-кейпінен, қылық-мінезінен де айқын ұғылды: үрейлері ұшқан, қарайғаннан қорқуға айналған, ауыздарына «шабуыл» емес, «қашу» ғана түседі; өңдері сынық, көңілдері басыңқы, мінезі бейбастақ, бойларын кернеген тырсылдаған ашу, сөздері бейпіл, жұмсағаны мылтық пен қамшы, істері талау...

Партизан отряды ақтарға тынымсыз шабуыл жасап, шет пұшпақтап қиратып, қаруларын ала берді. Осы әдіспен аз күнде партизан отряды зенбірек, пулеметтермен де қоса, қолына мол құрал түсіріп, кәдімгі шын мағынасындағы соғысқа кірісті.

Партизандар соғысында ерекше көзге түскен жасақтардың біреуі — Асандікі. Атылған шешесінің, жақын жігіттерінің, қолға түскен Ботагөздің кегін алу үшін, ол жанын аямай, бата қимылдады.

Бір хабарда: «Қарқаралы, Ереймен жағында Амантай отряды құрылышты дейді, он мыңға жақын қолы бар дейді», — деп естіді. Амантайды Асан көрген.

Асанның арманы — Амантайды ғана көру емес. Оның арманы — Асқарды, Ботагөз сырттан таныстырған Кенжетайды аман көру. Ең зор арманы — Совет өкіметінің құрылуын көру. «Қызыл армия жақындап қалды» деген хабар естілгенде: «Асқар қызыл армияға қосылды» деп сенетін Асан: «Аманшылық болса, Ботагөз бен сәбиі — Амантайды Асқардың қолына тапсырсам!» — деп үміттенген еді, үмітіне қуанған еді. Қазір ол үміттің бір шетін уайым бұлты басты. «Ботагөз қолда кетті! — деп өкінді ол, — біздің қолға аман келмес!





Үйінде тиыш отырған қатын-қалаш, бала-шағаны өлтіріп кететін ақтар, Ботагөзге рахымшылық істейді деймісің!»

Ақтарға шабуыл жасай отыра, Асан бастаған партизан отрядының және бір қолға алған ісі — күнбатыс жақтан қашқан байларды ұстау.

Ақтардың әскері партизан отрядынан сырғып, Солтүстік күншығысқа беттеп алыстаған кезде, бір күні қарауылда жүрген Асанның құралды қосыны, ішінде жүк тиеген екі машинасы бар, жиырма-отыз арбалы қашқындарға кездесті.

Құралды адамдарды көргесін олардың керуеніндегі жүк тиеген екі машинасы мылтық атқанға қарамай, қаша жөнелді. Есіл ол арадан үш шақырым ғана жер еді. Есілдің сол тұсында көпір болатын, бірақ көпір басында қарулы күзетші бар. Өзге жерде өтетін өткел жоқ.

Машинадағы қашқындар ешқайда бара алмайтынына күмән келтірмеген Асан, ат жеккен арбаларды тоқтатып тексерсе көпшілігі орыс пен татар екен, ішінде төрт-бес қазақ семьясы да бар.

— Қашқандар кім? — деп сұрады Асан.

— Білмейміз, бізге жаңа артымыздан кеп қосылып еді, — деп қашқындар айтпады.

— Ендеше, маған еріндер, — деп, Асан оларды көпірге бастап жөнелді.

Көпірге келсе — автомобильдегілер ұсталған екен.

Көпірдің екі жағын ағаш пен шөп-шаламды араластырып судан жоғары өсіріп, су ағар ортасына тақтай салынған еді. Егер тақтайды ала қойса, адам да, ат та өте алмайды.

Автомобильдегілер көпір басындағы күзетшінің оқпен тосқауыл жасағанына қарамай өтіп кетпек болған екен, күзетші тақтайды сыпырып алып, машиналар көпірдің ішіне кіре тоқтап қапты. Кейін қарай шегінейін деген екен, тақтай арасына пулемет құрып отырғандар, оқты ағыта бастағасын, шегіне алмапты.

Содан, көпірдің екі жағынан да партизандар қамап кеп ұстауға айналғанда, қапқа ораған бірдемені машинадағылар суға атыпты. Содан кейін қолға талассыз түскен олар партизандардың: «Суға не тастадыңдар?» — деген сұрауына: «Түк те тастағамыз жоқ!» — деп, танып тұр екен.







Ұсталғандар жиырма шақты адам. Ішінде төрт-бес қазақ бар. Қазақтардың ішіндегі ұзын қара сақалды біреуін: «Осыны қайда көрдім?» — деп ойлаған Асан:

— Суға анық тастады ма? — деп сұрады ұстаған партизандардан.

— Анық!

— Анық болса, бұлардан несіне сұрайсыңдар. Мен қазір алып шығам.

Асан шешіне бастады.

— Сүңгисің бе? — деп сұрады партизандар. — Су суық емес пе?

— Қой, ауырарсың! — деген сөздерге болмай, Асан көпірден суға секірді.

Ол ара Есілдің өте терең жері болатын. Асан сүңгіген жер үйіріліп, шұп-шұңқыр болды да тұрды.

Асан су түбінде кешікті. Тұншығып өліп қала ма деп жолдастары қорқа бастады.

— Су астында демі таусылатын уақыт болды, — десті әркімдер, — апыр-ай, жазым болмаса жарар еді.

Асан кешіккен сайын ұсталғандардың бетіне қан жүгіріп, қуана бастады. Сол кезде қолтығына бір үлкен қапты қысып, Асан судан шыға келді.

— Ал, ұстаңдар! — деді ол, көпірге жақындап кеп.

Партизандар қапты судан суырып алды.

— Арқан бар ма? — деді Асан, судан шықпай.

— Бар, неге керек?

— Бір ауыр нәрсе жатыр, көтере алмадым. Екеу екен. Біреуі осы. Анасын шығара алмадым. Арқан байлайын, содан кейін тартып алайық.

— Құрысын, оны қайтесің! — деген сөзге Асан:

— Жоқ, тартып алайық, ол тегін нәрсе емес! — деп болмады.

— Тоңасың! — деген сөзге:

— Тоңатын емеспін, қайта денем қызып алды, су да суық емес, — деді Асан.

— Мә, ендеше, арқан! — деп, қолына ұстатқан жуан арқанмен Асан тағы сүңгіді де, көп кешікпей шығып, — ал, тартыңдар! — деді жолдастарына.

Он шақты партизан арқаннан тартып, кенепке ораған бірдемені судан суырып ап кенепті жазса — пулемет екен. Жазуына қараса, Англия заводынан жақында шыққан.

— Екінші қапта не бар екен? — деп қараса, төрт-бес адам зорға көтеретін темір сандық. Аузында құлып.

— Бұлардың неге қашқаны енді мәлім болды, — десті партизандар, — кәне, сандықтың кілтін беріңдер!

Осы кезде шапқынмен Алатай келді:

— Ауылға қызылдар келіп қалды!

— Қойшы!..

— Рас, Асан, сүйінші! Әдейі саған сүйінші айта келдім! Әлгі... Ботагөздің күйеуінің аты кім еді?

— Асқар Досанов.

— Сол сіздің үйге кеп түсті. Мені саған жіберді.

\* \* \*

...Асан малын сойып, етін асқанша, Асқардың өтінішімен жан-жақтағы ауылдардың, партизан отрядының адамдары тайлы-таяғына шейін қалмай, тегіс Асан аулына жиналды.

Жиналған жұртқа орышадан Орлов, қазақшадан Асқар — Совет өкіметінің тұтатын жолы туралы баяндама жасады. Жұрт ол баяндаманы шаршамай толық тыңдап, шаттық көңілдерін дауыстап, қол шапалақтап білдіріп отырды. Баяндамалардан кейін халықтың өзі сөйлеп, ақтардан көрген жапаларын айтып, жиналыстың аяғы түн ортасына шейін созылды.

Ревком сайлау жұмысы таңертеңге қалып, әскерлер тынықсын деп жұрт түн ортасы ауа тарады.

Асан өз үйіне жиырма бес шақты қызыл әскерлерді түсірген еді. Ішінде — Орлов пен Асқар. Үйге кіре, Асқардың құмартқаны ас болған жоқ, өзі көптен көрмеген кішкентайы — Амантай болды. Бастап көргенде жалпы баланың біреуі сықылданған Амантай, минут сайын оған жақын тәріздене берді. Митинг кезінде Амантай оның көз алдында елестеді де тұрды. Ол Амантайды көруге құмартты. Көргенше дәті шыдамады.

Асқар митингіден келсе — Амантай ұйқтап қалған екен.



Ұйқтаған баланы сүйеге оянып кетер деп, ашық жатқан бетіне еңкейіп үңіліп еді, кескіні көзіне Ботагөз сықылданып кетті. Асқар шыдай алмай, маңдайына ғана тұмсығын тақап тұрып, қатты иіскеді. Түнгі салқын, таза ауаға рақаттанып ұйқтап жатқан бала оған оянған жоқ.

Митинг тарай, Асан аулының маңайы осы күнгі парктер сықылды ән-күйдің, сауықтың мекеніне айналды. Партизан мен Қызыл әскерлер араласқасын гармоньдар тартылды. өлеңдер айтылды, билеушілер көбейді. Бұл ойындарды тамашалап тұрған елдің қатын-қалаш, бала-шағасы тегіс жиналып:

— Е, бәрежелді, міне, жаңа арқамыз кеңіді ғой!.. Е, тәйірі, осындай бір жақсылық болса керек еді!.. Мұндай да елге жайлы солдат болады екен!.. Ылғи бір ширатылған жібек сықылды жұмсақ мінез жігіттер. Қызылдарды оңды деген қауесет бар еді. Көз көрді. Рас екен. Қарасы өшкір ақтың солдаты қырып жібере жаздап еді, атаңа лағнаттың жеңілгені де елдің қарғысы шығар. Елге жайлы әскер — мына қызылдар. Осындай халыққа жайлы болғасын, халық тілегін тілеп, қызылдардың ақты жеңгені де сол ғой. Көп жасаңдар!.. — десті.

Асан үйінің дәмін ішіп, жұрт тарағаннан кейін Асқар төрге төсек салдырып, Амантайды қойнына алып жатты. Ол түні бойы көз шырымын алған жоқ. Бірақ оны екі нәрсе ауыр ойға түсірмеді. Біреуі — бауырына кіре ұйқтаған Амантай, екіншісі — ауылдың айналасындағы ойын-сауық.

Таң сібірлей қалғыған Асқар беті жыбырлағанға ояна келсе — Амантай оның кеудесіне асыла, мұрнын ұстап отыр екен.

Еті аршыған жұмыртқадай аппақ, денесі толық баланы Асқар бауырына қысып сүйді. Оның ұйқысы ашылып кетті. Бұл күн көтеріліп қалған мезгіл еді.

— Сөйледі, — деді от басында самауыр қойып жүрген Қалима.

— Ә, солай ма? Атың кім, қалқам?

— Ә-мә-тай... — деді бала сөзін созып.

— Әкең кім?

— Ә-шәй...

Асқар қарқылдап күлді.





— Апаңның аты кім?

— Бө-тә...

— Ә, қалқам біледі екен!

— Біледі, — деді Қалима, — тілі шыққасын-ақ апам сөйлетіп, үйретіп отыратын.

Ботагөздің Амантайды ұстап түскен суреті Асқардың төс қалтасында еді, соны алып:

— Мынау кім? — деп сұрады Асқар, Ботагөзді нұсқап.

— Бө-т-тә...

— Мынау кім?..

— Ә-мә-тай...

Асқар Амантайды тағы қысып сүйді, сүйді де көзіне жас алды, көзіне жас алды да күлді.

Таңертең екінші рет ашылған митингіден кейін, Қызыл әскерлер жергілікті халықтың ұнатуымен Асанды болыстық ревкомға председатель сайлап, ревкомның ел басқаруы жөнінде Асқар Асанға нұсқаулар беріп, содан кейін Асқар әскерімен ілгері жүруге жиналған еді.

\* \* \*

1918 жылдың майында Н... қаласында чехтардың көтерілісі болып, Совдеп құлағанда аман қалған елу шақты қызыл гвардияшылар Көкшетау өлкесінің күнбатысындағы тауларға жетіп бекінген еді. Ішінде — Амантай бар.

Қызыл гвардияшылар жаз бойы жұбын жазбай, тауды паналап жүрді де, қыс түсе бір жерге сыймайтын болғасын, бытырады.

Құралды бір топ жігітімен Амантай Зеренді тауына паналады.

Зерендіге бекінген Амантай, таудың бір берік жеріне шымнан үй салып алып, қыстай және келер жаз бойы сонда болды. Тауда қызылдар барын естіп, іздеген ақтарға олар алдырмады.

Зеренді тауына бекініп, жан-жағына құлақ түрген Амантай ақтар Зеренді тұсынан сырғыған кезде, отрядын ертіп, соңынан қуа аттанды.

Осы бетімен Амантай отряды, Итбай аулынан Алексей

Кулаков аттанып кеткеннің артынан іле жетті. Кулаков туралы өзге хабарлармен қатар, Амантай Ботагөздің хабарын да естіді. Бұрын Ботагөзді «өлдіге» жорып қойған Амантайның үміті тағы тұтанды.

— Алексей Кулаковтың отрядын ең әрі кеткенде Шалқар көлінен асырмай талқандаймыз, — деді ол жолдастарына, — өйту үшін бізге олардың алдын орау керек!

— Дұрыс! — деді көпшілік.

Олар тез аттанды.

Ақтардың қолына Ботагөздің тұтқын болғанына — айға жақындады. Бастап қолға түскен күндері ол, Кабановқа тиген — Елизавета Андреевнаны өзіне пана көрді.

«Лиза! — деді ол, Алексейдің бейбастақ мінезін көргесін, бірінші күні, Елизаветаға, — біз екеуміз бір кезде жанымыз бір дос едік, көптеген тату күндеріміз мектепте өткен еді. Оған көп уақыт болды. Мен мынандай күйге ұшырадым. Бұрынғы достығың үшін — мені айуандық жәбірлеуден қорғауыңды тілеймін. Оқығаның бар адамсың. Мені атып тастаса, сен ара түспе. Оған мен бейілмін. Бірақ мені мазақтауға, арымды аяғына басуды ойлайтын адам болса, сен одан қорға. Панасыз, күшсіз мені мазақтың қол жаулығына айналдырам деушілерден арашала!..»

Бұл сөздер арына ауыр тиген Елизавета Андреевна, Ботагөзді біраз күн мазақ қиянатынан арашалап, айуандық мінез көрсеткен ағасы — Алексейді ұялтты. Алексей қанша бейбастақ болғанымен, қарындасының жалынышты және ұятты сөздерінен қаймығып, зұлымдық ниетін тежей берді.

Алексей ойға алған ісін орындап шығуына кашан да сенетін еді. Оның бір мықты сенгені — қызылдарды жеңу еді. Бурабай тауынан шыққанша осы сенім Алексейді жігерлендіріп келді де, Бурабай тауын соғыссыз қызылдарға бергеннен кейін сенімі буалдырланды.

Бурабай тауы артында бұлдырап алыстаған сайын, Алексейдің іші өртеніп түсті. Іші өртенген сайын, оның ақылын ашу билеп, егер қолынан келсе — таудың тасын талқандап, ағашын өртеп, күл ғып кеткісі келді. Осы ашумен Шалқар көлінің жағасына кеп қонған ол, іңірде қарындасының жалбарынған сөзіне болмай, наған ұсынған қолымен Ботагөзді



алдына салып айдап, әскер маңынан алысқа алып шықты.

— Елизавета Андреевна!— деді ол, Ботагөзге ара түскісі келген қарындасына,— сіз маған бұл мәселеде өкпелей алмайсыз. Егер менің сізді сыйлайтын жүрегімді өзіңіз дұшпан қылғыңыз келмесе, мен сізден енді бұл мәселе туралы өтініш етпеуіңізді қалаймын. Бұл сөз сізге ашық болуға тиіс!..

Қарындасы күмілжіп қалды.

Ботагөз де «қорға» деген жоқ. «Неде болса көрейін!»— деп, «жүрдік» деген жағына қарай, алдына түсіп аяндап берді.

Түн ол күні бұлтты, көзге түртсе көрінбейтін қараңғы еді. Әйткенмен, Ботагөз қайда келе жатқанын шамалайды. Көлге су сарқылатын бір терең жыра кеше көзіне шалынған еді, соған қарай әкеле жатқан сияқты.

Не ниетпен әкеле жатқанына түсінбеген Ботагөздің бойына онша қорқыныш кіре қойған жоқ. Оның жүрегі дұрыс соғып, денесі әлденеге ширап кетті. Оған «құтылам» деген сезім пайда болды.

Қостан алып шыққанда Алексейдің ойы — Ботагөзді ату еді. Былай шыққаннан кейін оның айуандық тілегі оянып: «Осы Ботагөзге жасынан қызығып ем, мен қалайша осыдан «мақрұм қалам?» — деп ойлады.

Осы қорытындыға келгеннен кейін;

— Ботагөз!— деді Алексей, қатарласа беріп, жылы сөйлеп,— мен сізді неге оңаша алып шыққанымды білесіз бе?

Алексей Ботагөзге ғашықтық сөздерін айтты.

Бұл арбау сөздердің артында не барын білген Ботагөз Алексей ғашықтық сөздер айтып келе жатқанда, қайткенде оны алдап құтылудың айласын іздеді.

Аздан кейін ол айланы таптым деп ойлаған Ботагөз:

— Алексей Андреич!— деді даусын дірілдеткен болып,— мен де сізге қатал боп келдім. Сізді мен сөкпеймін. Сіздің мені сүйетініңізді мен енді анық ұқтым. Мен сіздің еркіңізде, ендігісін өзіңіз біліңіз...

Ботагөз жылаған болды.

— Жыламаңыз!— деді бұл сөзге сенген Алексей, нағанын кабурына салып, Ботагөзді белінен айқара құшақтап,— мен енді сіздің құлыңыз!..





екі-үш адым шегініп барып, қалтасындағы мылтықты алды да, жақындай берген Алексейге:

— Атам!— деді оқтанып.

Қараңғыға үйренген Алексейдің көзі өзіне ұсынған мылтықты көрді. Ол сасқанынан жанын сипап еді, нағаны жоқ!

Нағанды Ботагөз алғанын Алексей білді. Сол минутта оған жан тәтті көрініп кетті. «Ашулы кісі атып жібереді»— деп ойлаған ол, денесі дірілдеп, шегіне берді.

Ботагөздің атып қалуға ойы бір кетіп тұрды да, «мылтық даусы шықса, қуғыншы кеп қалар» деп, атпады. Алексей барып, кісі ертіп әкелгенше жасырынармын деп:

— Менің сізге рақымым,— деді Алексейге ол,— жаныңызды қиям. Тез кетіңіз!..

«Атып қала ма?» деп ығысқан Алексей, «атпаймын» дегесін, жылдамдата басып қосына жөнелгенде, Ботагөз жыраға түсті де кетті.

Жырақай бытықы-шытықы, біріне-бірі жалғасқан көп екен. «Құтылдым ба?»— деп қуанған ол, сүріне-қабына, жыраны бойлап отырып, ентігіп, шаршағанда, көлдің жағасына жетті.

Ол еңбектеп, жардың биігіне шығып, артына құлағын түріп еді, дыбыс жоқ. Бірақ көлді айнала жылтылдаған от.

Ол оттар ақтардікі екенін Ботагөз біледі. Сондықтан ентігін басқан оған ертеңгі күннің қаупі елестеді.

«Таң ата мені іздесе,— деп ойлады ол,— қалың әскер тауып алады. Енді қолға түссем оңбаймын. Не істеу керек?»

Қорқыныштан ба, түнгі салқыннан ба, Ботагөздің денесі қалтырап кетті.

Осы арада оның ойына Шалқар көлінің ортасындағы тас дiңгек түсті. Ол дiңгекті Ботагөзге Асқар толық сипаттаған еді.

«Соған тығылайын» деген оймен Ботагөз көлді жағалап келе жатыр еді, жиекте екі қайық тұр екен. Соның біреуіне мініп, Ботагөз көлдің ортасына тартты да кетті.

Сәті түскенде, тас дiңгекті ол тура тапты да, ескегін алып қап, қайықты толқынмен қайтарып қоя берді.

Дiңгектің төбесіне шыққасын көңілі жайланған Ботагөз айналасын сипап еді, Асқар айтқандай тобылғы, шөптесін

ұйқтап кеткенін өзі де сезбеді.

Қосына ашумен барған Алексей Ботагөзден қорқып келгенін айтуға ұялды, ол туралы дабыра жасауға да ұялды. Одан ешкім жөн сұраған жоқ. Серіктері: «Ботагөзді өлтіріп келді»,— деп жорыды.

Жан-жағына барлау жіберген ақтың әскерлерінің көбі Алексей қосқа қайтқанда ұйқыда еді.

О да ұйқыға жатты, бірақ ұйқтай алмады. Оны көп ойландырған екі зат болды. Біреуі — Ботагөздің айласын өткізіп құтылып кетуі, екіншісі — келешегінің күңгірттенуі.

«Ие, алдым күңгірт,— деп ойлады ол, шинелінің жағасына тұмсығын тыға, қос алдына жатып,— Совет өкіметі жеңді. Оның осы жеңуі жеңу. Енді біздің тілек бітті. Ол не бақыт? Құрысын ол бақыт!»

Қытайға қашып барудан Алексейдің ойы жиренді. Оның қалғысы келді. Осы ой басына келгесін, Сарыбастың қашқан себебін түсініп, ашумен азаптаған оның туысқандарын аяп, өзі де Сарыбастың жолын қууды мақұл көрді. Сол оймен ол, түрегеп жан-жағына қарап еді, айналасы түп-түгел шырт ұйқыда екен.

«Қайда тығылып қалам?» — деген ой келді оған.

Оның есіне де Шалқар көлінің тас діңгегі түсті.

«Дұрыс! — деді ол, шинелінің ішінен беліне наған байлап, бірнеше бомбаны қалтасына салып, аяндап қостан шыға беріп,— сонда тығылам. Қытайға мына ұйқтап жатқандар-ақ өтсін!..»

Алексей жүгіре басып, көлдің жағасына келді де, жағалап жүріп, қайыққа кездесіп, қуанып кетіп, тас діңгекті бетке ұстай, қайықты есіп жөнелді.

Тас діңгекті тура тапқан Алексей, шығатын күн болса, малтып та шығармын, қайықпен белгі бермеймін деп қайықты толқынмен қайтарып, Ботакөз ұйқтап жатқан жердің екінші жақ тасасынан өзіне жайлы орын тауып, жаны жай тапқандай боп, о да қисая кетті.

Жер мен көкті тегіс солқылдатқан духовой оркестр күйінің даусынан шырт ұйқыда жатқан Ботагөз оянып кетті. Оның ұйқысы қанып, денесі тоңазып қалған екен.

Ол орнынан атып тұрып, көзін уқалап, жан-жағына қараса аспан да, су да, жер де оттай жайнаған қып-қызыл ту. Мезгіл — күн шығардың алды екен. Шығыстан батысқа қарай көшкен аспандағы күздің бұлты шығар күннің алтын сәулесіне боялып, аспанға ілген сансыз қызыл тудай желбіреп тұр. Аспанды түгел жапқан қызыл бояулы бұлттың сәулесі, таңғы самалға толқыған көлдің бетіне шағылысып, батысқа қарай сапырылған судың толқынында қызыл тулы сансыз кеме жүзіп бара жатқан сықылды.

Бұлттың, судың бетіне тігілген сансыз қызыл тулар, табиғаттың өзі Қызыл армияның келуін құрметтеп, қызыл ту көтеріп, қарсы алуға бара жатқандай әсер береді.

Табиғаттың бұл көрінісі көңілін өсірген Ботагөз, қызыл тудай желбіреген су мен бұлттың қызыл бояулы толқынына біраз қарап тұрып, көзін көлдің шығысына, оркестр даусы естілген жаққа тіксе, толқындай ырғалып, тулары аспанның күн сәулесіне боялған бұлттындай желбіреп, қызыл әскерлердің қалың қолы келе жатыр екен.

Бұл Қызыл армияның ішінде Амантай бастаған партизан отряды да бар еді.

Қызыл армия партизан отрядына таң біліне қосылды. Партизандар алдынан, қызыл әскерлер артынан шабуыл жасаған ақтар соғысуға жарамай, оңай берілді. Күтпеген жерден жолыққан Амантайға шектен шыға қуанып, оның кім екендігі туралы митинг жасап сөз сөйлеген Асқар Ботагөздің жайын естігеннен кейін тағы да ренжіді.

— Солдаттар өтірік айтпауға тиіс, — деді Амантай Асқарға, — солдаттардың айтуынша: Кулаков Ботагөзді іңірде алып кеткен. Содан екеуі де жоқ. Жан-жақты қараттық. Не өлі, не тірі табылмады.

Бұл жұмбақты Асқар, Амантай, Кенжетай, тағы басқалары ойланып-ойланып, шеше алмады.

Қайғырғанмен, істер айла таба алмаған олар ақтардың



соңына түскен бойы ілгері қарай жүріп, Шалқар көлінің жағасына жетті.

Қызыл армия Шалқардың екі жағын да орай жүрген еді. Оң жақ қанатта кетіп бара жатқан Асқар, өткен күндерді есіне түсіріп, қабағын жауып келе жатып, Шалқардың ортасындағы діңгекке қарады.

— Жолдас командир!— деді ол, қасында қатар келе жатқан командирге,— сіз көлдің ортасындағы сонау тас діңгекті көресіз бе?

— Өзім де бұл не деп ойлап келе жатыр ем, маған кеме сықылды елестеп еді,— деді командир,— ол тау ма?

— Көлдің ортасына өскен тау. Сол таудың үстінде көзіңізге еш нәрсе шалына ма?

— Ту сықылды бірдеме көрінеді, қасында адам бар сықылды.

Екеуі де дүрбілерін көзіне ұстап қарап еді: діңгек үстінде адам!.. Адамның қолында — Қызыл ту!..

— Бұл не жұмбақ?— десті екеуі қосынан,— көл ортасына бұл жұмбақ жалау қайдан пайда болды?

Діңгекке тігілген Қызыл жалау туралы әркім әр түрлі сөздер айтты. Біреулер: алдап тұрған жау болмасын деді. Біреулер: ақтардан қашқан бізге тілектестер болмасын деді.

Асқарға келген ой:

«Әлде бір себеппен діңгекке тығылған Ботагөз болар ма?»

Асқар бұл ойын командирге айтты.

— Кім де болса, барып көру керек. Қайық бар ма екен?— деді командир.

Асқар мен командир көздерін көлдің жағасына жүгіртіп еді, екі қайық ұшырай кетті.

— Мен барайын!— деді Асқар командирге.

— Біз барайық,— десті екі командир, орыс жігіттері.

— Мен де барам,— деген сөзді Амантай мен Кенжетай қосынан айтты.

Ішінде Асқар, Амантай, Кенжетай бар, жеті кісі екі қайықпен суға түсе ғап, тас діңгекке тура тартты. Діңгек басындағы Қызыл туды олар анық көрді. Бірақ адам еркін көрінбейді.

...Түнде тас діңгекке аман жеткесін, Ботагөздің есіне Ас-

қардың: «Қызыл тумен қарсы ал!» деген Омбыдан Сағит арқылы жазған хатындағы сөзі түсті. Сол сағаттан кейін, ол үш кездей қызыл матаны — шүберекті туға арнап, Асанға саттырып алып, көйлегінің ішіне орап жүруші еді. Ақтарға тұтқынға түскеннен кейін де, қызыл шүберекті ол тастаған жоқ.

Тас діңгекке түнде жеткеннен кейін, қызылдарға, Асқарға аман қосылуға сенген ол, таңертең көлге жақындаған Қызыл армия екенін көргесін, қызыл шүберекті ағытып алды да, ескекке байлап, ту көтерді.

Ту көтерген Ботагөз, қызылдардан бірнеше адам қайыққа мініп, суға түскенін көргесін, «Асқар» деп жорамалдап, қуанышын қойнына сыйғыза алмай, қайықпен келе жатқандарға дауыс жетеді-ау деген жерден бар даусымен:

— Жасасын Қызыл армия!— деп, бірнеше рет айқай салды.

«Жасасын Қызыл армия!»— деген дауыс Алексейдің төбесінен жайдың оғындай ұрды. Ол діңгекті ықтап, Қызыл армияның қимылын көргісі келмей бұғып отыр еді, діңгекте өзінен басқа адам бар деп ойламаған еді.

Нақ қасынан дауыс шыққасын ол, діңгекке өрмелеп жоғары шықса — басында желбіреген Қызыл ту тұр. Туды ұстаған Ботагөз!..

Шинелінің ішінен беліне байлаған наганды, қабынан қолының қалай алып шығып, туп-тура Ботагөзге қалай оқтанғанын Алексейдің өзі де білмей қалды. Мылтық ұсынған қолдың үстінен сол көзін қысып, оң көзінің қарашығын наганның қарауылы арқылы Ботагөздің дәл қара құсына тікті. Оның көзі де, қолы да нысанадан жаңылған жоқ.

Ол наганның құлағын бармағымен қайырып, үсік саусымен тілін тартуға ыңғайланып еді, Ботагөзге қадалған көзі таңғы сағыммен нақ Шалқар көлінің жағасында тұрғандай боп қарауытып, аспанды белуардан жиектеген Бурабай тауына түсті.

Ашу теңізіне батқан оның ақылы қайтадан қалқып бетіне шықты. Оның көзіне Бурабай тауының етегіндегі қала, қаладағы үйі елестеді. Содан бірте-бірте сабасына құйылған оның ақылы — есіне Россияны, келешекті түсірді.





Наган ұсынған қолын сол қалпынан қимылдатпай, бірақ көзін Ботагөзден мұнарланған Бурабай тауына аударып, ол екі нәрсені ойының таразысына салып, салмақтап өлшеді. Оның біреуі — Ботагөзді өлтіру, екіншісі — өлтірмеу.

«Ботагөзді өлтірсем,— деп ойлады ол, қайықпен жүзіп келе жатқан Қызыл әскерлерге қарап,— бәрібір аналар мені тірі құтқармайды. Мүмкін, мен қапысын тауып, қолдағы қаруыммен оларды да өлтірермін. Бірақ сонау көлдің жағасын тегіс қоршаған қызылдың қалың әскері мені құтқара ма? Жоқ, олар құтқармайды!»

«Черт с ним! Құтқармаса құтқармасын, құтылғанда, қайбір тіршілік!.. Жоқ!.. Оным қате екен!..»

Алексейдің есіне, ақтардың жеңілуі анықталғаннан кейін, сырлас офицерлерімен бір кеңескені түсті. «Россия советтік болып қалуға мүмкін емес,— дескен еді офицерлер,— біз оны қалдыруға мүмкін емеспіз. Олай болса монархияны қайтадан аяғына бастырудың екінші жолын қарастыру керек!» «Жоқ,— деді ол, ішінен өзін-өзі шегелеп,— мен тілегіме жетуге тиістімін!.. Мен енді күшімнен асқан жерде жаудың оғынан өлем!.. Өзімді өзім өлтірмеймін де, көрінер көзге өлімге ұстап бермеймін де!.. Маған өзімнің қара басымның намысынан — монархия қымбат... Мен тығылам!..»

Осы ойдан кейін ол наган ұсынған қолын түсіріп, артымен кейін қарай діңгектің тасасына сырғыды да, таңертең ояғанда көзі түскен бір тастың үңгіріне кіріп: «Мен енді апан түбіндегі қасқыр!» — деді ішінен, ызалы күлкімен.

Ботагөз Алексейдің өзін де, қимылын да сезген жоқ. Қайықтар жақындаған сайын ол, желбіреген туын жоғарылата түсіп, үсті-үстіне: «Жасасын Қызыл армия! Жасасын Совет өкіметі!..» деп даусын көтере айқайлады. Оған — даусы жер мен көктің арасына түгел толып, жер-көкті түгел жаңғыртқан сықылданды. Ол ұрандап тұрып жылады, жылап тұрып күлді... Діңгекке жеткен қызылдар ту ұстаған Ботагөз екенін көрген соң, қайықтан түсе, діңгекке өрлей жүгірді. Ботагөзге әуелі тура кеп қалған Асқар болды. Құшақтаса кеткен екеуінің де көздерінен жас шықпай, бірін-бірі қатты қысып, сүйісті. Ботагөз екенін көргеннен-ақ ұмтылған Кенжетай құшақтап көріскелі даяр тұр еді.

— Асқар!— деді Амантай, күлімсіреп, — біз де сағындық, амандасып, бетінен сүйейік, босат!

Амантайдың даусын естіп, Асқар құшағын жазайын деп еді, Ботагөз босатпады.

— Жиенжан, жібер!— деді Амантай, қуанышты дауыспен, — біз де сені сағындық!

Амантайды Ботагөз байқай алмай қалған еді.

Дауыс Амантай даусы сықылданып кеткесін, ол құшағын жазып қараса, қасында Амантай тұр.

— Келші, сәулем!— деді Амантай, Ботагөзді құшақтап, бетінен сүйіп. — Мен жыламаймын, қалқам!


Кенжетай Ботагөзбен қазақша жылап көрісіп, құшағын жазды.

— Амантай да бірге келді!— деді Асқар қалтасынан сәби Амантайдың суретін Ботагөзге ұсынып, — Жолда көрдім.

Ботагөздің тыйылған жасы Амантайды көргенде, қайта ағытылды. Ол жасты көзін алақанымен әлденеше рет басып, әлденеше рет суретке қарады. Қуаныш, құттықтау сөздер айтылып жатты. Бақытты семьяның, бақытты достардың бақытты сөздерін тыңдағысы келмеген Кулаков екі саусағымен екі құлағын қатты тығындап алған еді. Сондықтан діңгек басында сөйлескен бақыт сөздерін ол естіген жоқ. Сөз оған сөз емес, күңгірлеген бірдеме боп естілді.

Біраздан кейін күңгір де тыйыла қалғансын, ол өрмелеп, діңгекке шықса, Ботагөз көтерген туды, сол көтерген қалпымен желбірете ұстап, екі қайық жағаға жүзіп барады екен. Жағада Қызыл туы толқынданған қалың әскер күтіп тұр.

Іші күйген Алексей, өз бармағын өзі тістеп, бір отырды, бір тұрды. Оның көзі қадалған сайын Ботагөз тіккен ту желбірей түсті.



**ДЛЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

**Серия «Книга за книгой»**

**Сабит Муканов**

**КРАСНЫЙ ФЛАГ**

*Рассказ*

**(На казахском языке)**

**Редакторы Е. Утетлеуов,**

**В. Серикбаев**

**Худ. редактор**

**К. Егизбаев**

**Художник**

**А. Вайсеркеев**

**Техн. редакторы**

**Т. Габдуллина,**

**Р. Винокурова**

**Корректоры**

**В. Агыбаева,**

**С. Ибраева**

**ИБ 1258**

Сдано в набор 28.03.80. Подписано в печать 10.12.80. Формат 70×100/16. Вумага офс. 120 гр. Гарнитура школьная. Печать офсетная. П. л. 1.6. Усл. п. л. 1,9. Уч.-изд. л. 1.6. Тираж 40 000 экз. Заказ № 1624. Цена 15 коп.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.

**Фотонабор**



